

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі»
коммунальдық мемлекеттік мекемесі бойынша
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Аққұм ауылы 2024жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ

«Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Аққұм ауылы
Т.Жүргенов көшесі- 9

30.05.2023ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.26.03 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024ж 26.03 № 8 н/қ бұйрығының негізінде 02-30.05 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024ж 26.03 № 8 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Тулепов Ербол Турегалиевич	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Мухашев Досымжан Байгалиевич	директордың оқу-тәрбиелік жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Лепесова Гүлден Жанатқызы	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Қожахматов Еркебұлан Жарылқасынұлы	информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Байниязов Нұрлыбек Еркінұлы	қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің «Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030108, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Аққұм ауылы, Т.Жүргенов көшесі үй №9,

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8 (71339) 73-0-24;

Электронды пошта: akkum-1972@yandex.kz; сайты <https://akkym.aitekebi.edu.kz/kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Тулпов Ербол Турегалиевич, «Әйтеке би аудандық білім бөлімі»ММ-нің 2021 жылғы 5 қаңтар № 23 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

ұялы телефоны: 87759783624,

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 16 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 17.02.2009 жыл, БСН-990240006357. **Құрылтайшысы:** «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020жылғы 23желтоқсан №469 қаулысымен бекітілген

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 15.05.2021 жылғы №КZ50RVK00034895 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 02.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № КZ91LAA00021552 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

“Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1. Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылында 1 мектеп алды даярлық сыныбы жұмыс жасаған. 1-сыныпта 1 тәрбиеленуші болған. **2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 3- жиынтық сынып жұмыс жасаған. Педагог кадрлар саны – 2 тәрбиеші жұмыс жасаған.1-і жоғары білімді,1-і арнаулы орта білімді. Педагогтардың санаты жоқ.**

Осылайша, 2педагогтің диплом бойынша «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Бастауышта білім беру»

Ақтөбе өңірлік университетінде 2020жылдың «17»тамыз мен «16»қазан аралығында,жалпы 282 сағат көлемінде 6B01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтті. Куәлік №671, 16.10.2020ж

Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырады. Педагогтардың сапалық құрамы %

№	Мұғалімнің аты - жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Нағыметова Әсемгүл Айнабекқызы	«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»	4	жоқ	Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруының жағдайында АКТ технологияларды пайдалану бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» -72 сағат.
2	Тыныштықова Сымбат Дастанқызы	«Бастауышта білім беру»	2	жоқ	

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы Аққұм негізгі орта білім беретін мектебінің ресми сайтында - <https://akkym.aitekebi.edu.kz/kz> орналастырылған.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепте 2021-2022 оқу жылдары 1-мектеп алды даярлық сыныптары жасақталған. Онда 5 бала тәрбиеленген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 3- мектепалды даярлық сыныптары жасақталған 2021-2022 оқу жылында 5 тәрбиеленуші, 2022-2023,2023-2024 оқу жылында 10-тәрбиеленуші білім алған. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды даярлық сыныптарына тәрбиеленушілер жинақталған.

Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады.

Ата-аналар (заңды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымша “Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты” негізінде жасалатын шартпен реттелген.

Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттеліп отырған.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған.Мектеп тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында: 2021-2022 оқу жылы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»; ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасы;

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 12 мамырдағы
№ 195 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық класының оқу жоспары

№	Білім саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу-іс қызметінде	Апталық сағат	Жылдық сағат саны
		саны	саны
1	«Денсаулық»	3	99
	Дене шынықтыру	2,5	82,5
	Қауіпсіз мінез құлық негіздері	0,5	16,5
2	«Қатынас»	5	165
	Сөйлеуді дамыту	1	33
	Көркем әдебиет	1	33
	Сауат ашу негіздері	2	66
	Орыс тілі	1	33
3	«Таным»	2,5	82,5
	Математикалық негіздері	1	33
	Құрастыру	0,5	16,5
	Жаратылыстану	1	33
4	«Шығармашылық»	5	165
	Жапсыру	1	33
	Сурет салу	1	33
	Мүсіндеу	1	33
	Музыка	2	66
5	«Әлеумет»	1,5	49,5
	Өзін-өзі тану	1	33
	Қоршаған ортамен таныстыру	0,5	16,5
Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің ұзақтығы		25-30 минут	
Жиынтығы		17	561
Вариативтік компонент		3	99
1	«Қызықты есептер»	1	33
2	«Оригами өнері»	1	33
3	«Ұлттық ойын ұшқыны»	1	33
Барлығы:		3	99
Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің жалпы көлемі		20	660

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде мектепалды даярлық сыныбының вариативті компонент бойынша сабақтар төмендегідей сағаттарға бөлінді.

Класс	Курс атауы	Сағат саны		Вариативтік компонент	Мақсаты
		Апталық	Жыл бойы		

МАД	«Қызықты есептер»	1	33	Вариативті	Балалардың белсенділігін, логикалық шапшаң ойлау, ойын дәлелдеу дағдыларын: математикалық тапсырма бар жұмбақтар мен жаңылтпаштар, қаламақ пен санамақтар, өтірік өлеңдер, логикалық тапсырмалар арқылы ұйымдастыра отырып баланың математикаға деген қызығушылығын айналасындағы өмірден алған әсерін, көрген білгенін ойын арқылы танытып, күш жігірін, сезімін арыттыру.
	«Оригами өнері»	1	33	Вариативті	Баланың тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету, ақыл-ой және ерік пен сезім белсенділігін арттыру, балалардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.
	«Ұлттық ойын ұшқыны»	1	33	Вариативті	Халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыру. Балаларға өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы таныту Балалардың денсаулығын нығайтып, ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу тәрбиелеу.

Аталық-20 сағат, жылдық-660 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып, гимназия директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылы мектепалды даярлық кластарындағы оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы **талаптары мен** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары **талаптарына сәйкес құрылған.**

Зерделеу кезінде 2021-2022 оқу жылы аталған өлшемшарттар бойынша мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтар ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасакталған.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты" және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары"-на сәйкес құрылған және бекітілген.

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 12 мамырдағы
№ 195 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық класының оқу жоспары

№	Білім беру салалары	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
	Білім саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу-іс қызметінде		

стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 1 қосымшасына сәйкес кіші топ, 2 қосымшасына сәйкес орта жас тобы мен ересек жас тобы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсанындағы
№ 557 бұйрығына 3-қосымша

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№ р/с	Ұйымдастырылған Іс әрекет \балалар әрекеті	Аптасына/өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Денешынықтыру		3 сағат
2	Денешынықтыру	Күн сайын	
	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	Күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
4	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	Күн сайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық зерттеу әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
6	Тілдік қарым-қатынас, танымдық зерттеу әрекеттері еңбекке баулу	Күн сайын	
	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру		1 сағат
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	Күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка	Күн сайын	
8		-	20 сағат

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2021-2022, 2022-2023, 2022-2024 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта

ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі -- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-тараудың 2-тармағының 6) тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтаумен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде мектеп 2022-2023 оқу жылында жиһаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жиһаздар, ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.**

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 4x4 шаршы метр. Оқу залы -жөк, отыратын орындар саны -2. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша 1(0,5ст) кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі уақытша болмауына байланысты қоса атқарылуда

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-3547; Оның ішінде: Оқулық-3407; көркем әдебиет- 140; Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-20;

Қазақ тілінде- 98% ; Орыс тілінде-2%; Ағылшын тілінде

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы – 16шаршы метр; Оқу залы -4ш/м; Оқулықтар қоймасы-жөк оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

Кітапхананың техникалық жабдықтауы:

Компьютер жөк

Оның ішінде:

Оқырманға 0

Интернетке қосылған 0

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;

- аралық – қаңтарда;

- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады, деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2023-2024-оқу жылының 3 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 76%, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші – 24%;

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2023 жылдың 16-17 мамыр аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2023-2024 оқу жылында сәуір айының 16-17 күндері мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 5 тәрбиеленушінің 5-уі қатысты. 100 % ата – ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды.

Мектеп жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші – **88,3%-5 балл** құрады. Ал сабақ беретін тәрбиешілердің 1 – педагогі тізім бойынша 100 % қатысып, **93,4%** сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5- балға сәйкес деп бағаланды.

МАД сыныптарының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	3	2		
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	1	3	1	0
3	Мектеп сапалы білім береді	3	2	0	0
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі	1	3	1	0
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды	1	4	0	0
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді.	1	3	1	0
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды.	1	3	1	0
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын.	1	3	1	0
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	1	3	1	0
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын	1	3	1	0
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	1	3	1	0
12	Мен мектеп асханасы/буфет жұмысымен қанағаттанамын	1	3	1	0
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды.	1	3	1	0
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	1	3	1	
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды.	1	4	0	0
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын	1	3	1	0
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар	1	3	1	0
	Барлығы:	24,7%	60%	15,3%	0%

МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-ана саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	5	24,7%	60%	15,3%	0%
84,7%-5 балл					

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	0	1	0	0

2	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	0	1	0	0
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын.	0	1	0	0
4	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	0	1	0	0
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	0	1	0	0
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	0	0	1	0
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0	1	0	0
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	0	1	0	0
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	0	1	0	0
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	0	0	1	0
11	Мектепте менің кәсібі және шығармашылық өсуі үшін жағдай жасалған	0	0	1	0
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	0	1	0	0
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	0	1	0	0
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	0	1	0	0
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?	0	1	0	0
	Барлығы:	0%	80%	20%	0%

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы


№	Қатысқан ата-ана саны	толық келісемін	келісемін/иә	келіспеймін/жоқ	толық келіспеймін
1	1	0%	80%	20%	0%
80%-5 балл					

Комиссия төрағасы:


(қолы)

Түлепов Ербол Түреғалиевич
(толық аты-жөні)


Комиссия мүшелері:


(қолы)

Мұхашев Досымжан Байғалевич
(толық аты-жөні)


(қолы)

Лепесова Гүлден Жанатқызы
(толық аты-жөні)


(қолы)

Қожахметов Еркебұлан Жарылқасынұлы
(толық аты-жөні)


(қолы)

Байниязов Нұрлыбек Еркінұлы
(толық аты-жөні)